

Кеме капитанын аттестаттау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 10 қаңтардағы № 18-І бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу № 3415. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Кеме капитанын аттестаттау ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.Ж. Қошановқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Көлік және коммуникация
министрінің
2005 жылғы 10 қаңтардағы
№ 18-І бұйрығымен
бекітілген

Кеме капитанын аттестаттау ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Кеме капитанын аттестаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) кеме капитанын аттестаттауды өткізу тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының "Ішкі су көлігі туралы" Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) кеме капитанын аттестаттау - кемені басқару, оның ішінде кеме жүргізу, кеменің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету, кемедегі тәртіпті сақтау, қоршаған ортаны қорғау, кемеге, кемедегі адамдарға, багажға және жүкке зиян келтірлуін

болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға қажетті кеме капитанының білім деңгейін айқындау жөнінде мезгіл-мезгіл жүзеге асырылатын рәсім;

2) әуе көлігін қоспағанда, көліктегі мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті ;

3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі - (бұдан әрі - аумақтық бөлімше) - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық көліктік бақылау басқармасы.

3. Кеме капитанын атtestаттау кезіндегі негізгі бағалау өлшемі кеме капитанының өзіне жүктелген міндеттерді орындау қабілеті болып табылады.

4. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің қадағалауындағы кемелердің капитандары атtestаттауға жатады.

5. Кеме капитандары әрбір келесі үш жыл өткен сайын атtestаттаудан өтеді.

6. Тиісті мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарын кезекті атtestаттау жылында бітірген, сондай-ақ дипломдаудан сол жылы өткен тұлғалар атtestаттаудан босатылады.

7. Кеме капитанын атtestаттау бірқатар дәйекті кезеңдерді қамтиды:

1) атtestаттауды өткізуге дайындық;

2) кеме қауіпсіздігін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдер бойынша білімін тексеру мақсатында атtestатталушымен атtestаттау комиссиясы
өткізетін әңгімелесу ;

3) атtestаттау комиссиясының шешім шығаруы.

2. Атtestаттауды өткізуге дайындықты ұйымдастыру

8. Кеме капитанын атtestаттауды ұйымдастыру және оны өткізу үшін аумақтық бөлімшениң басшысы құрамында кемінде бес адам бар атtestаттау комиссиясын құру туралы тиісті бүйрек шығарады:

төраға - аумақтық бөлімшениң басшысы немесе оның орынбасары;
комиссия мүшелері - су көлігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшениң қызметкерлері, сондай-ақ жұмыс өтілі бес жылдан кем емес тәжірибелі мамандар (кеме жүргізушілер, механиктер, меканиктер).
Эле кт

Комиссия ісін жүргізетін аумақтық бөлімшениң қызметкері атtestаттау комиссиясының хатшысы болып табылады.

9. Атtestаттауды өткізуге дайындықты атtestаттау комиссиясының хатшысы ұйымдастырады. Ол мынадай шараларды:

1) атtestатталушыларға қажетті құжаттарды дайындауды;

2) аттестаттауды өткізудің кестесін әзірлеуді;
3) аттестаттауды өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын
ұйымдастыруды;

4) аттестаттау мерзімдері мен оны өткізу орны жөнінде кеме жүргізушімен
келісуді қамтиды.

10. Аумақтық бөлімше басшысы аттестаттау комиссиясы хатшысының
ұсынуымен аттестатталуға тиіс кеме капитандарының тізімі бекітілген,
аттестаттауды өткізу мерзімі, сондай-ақ аттестаттау комиссиясының жұмыс
кестесі белгіленген бұйрық шығарады.

11. Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттауды өткізу мерзімдері¹
туралы оны өткізу басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей кеме иелеріне
жазбаша хабарлайды.

3. Аттестаттау комиссиясы

12. Аттестаттау комиссиясын аумақтық бөлімшениң басшысы осы Ереженің 8-
тармағына сәйкес құрады.

13. Аттестаттаудан өтуге тиіс аттестаттау комиссиясының мүшелері
аттестаттаудан жалпы негіздерде өтеді.

14. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының кемінде
үштен екісі қатысса, құқылы деп есептеледі.

15. Дауыс берудің нәтижесі комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен
айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда комиссия төрағасының даусы
шешуші болып табылады.

4. Кеме капитанын аттестаттаудан өткізу тәртібі

16. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестатталушы кеме
капитанының қатысуымен өткізеді.

Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептермен қатыспаған
кеме капитаны, жұмысқа шыққаннан кейін аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттау комиссиясының отырысына кеме капитаны дәлелсіз себеппен
келмеген жағдайда, комиссия қолда бар материалдардың негізінде оның
қатысуының аттестаттау өткізу туралы шешім қабылдауға хұқылы.

17. Аттестаттау комиссиясы кеме капитанын аттестаттаудан өткізгенде мына
шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес;
- 2) қайтадан аттестатталуға тиіс;

3) атқаратын лауазымына сәйкес емес.

18. Егер кеме капитаны қайта аттестаттаудан өтпесе, аттестаттау комиссиясы атқаратын лауазымына сәйкес еместігі жөнінде шешім шығарады.

19. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру тәсілі аттестаттау комиссиясының қалауы бойынша таңдалады. Аттестаттау комиссиясының құрамына енген аттестаттаудан өтуші кеме капитаны өзіне қатысты дауыс беруге қатыспайды.

20. Аттестаттау комиссиясының шешімі, аумақтық бөлімшеде сақталатын, бір данада жасалған хаттамамен (1-қосымша) ресімделеді.

Кеме капитаны аттестаттау комиссиясының шешімімен таныстырылуы тиіс.

Аттестаттаудан өткен тұлғаларға анықтама (2-қосымша) беріледі.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттаудан өтпеген тұлғаларға алғашқы аттестаттау өткізілген күннен кейін екі айдан соң осы Ережеде айқындалған тәртіппен өткізілетін қайта аттестаттауды белгілейді.

Қайта аттестаттаудан өтпеген тұлғалар кеме капитаны лауазымын атқаруға жіберілмейді.

Кеме капитанын аттестаттау
ережесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігі
Көліктік бақылау комитеті

облысы бойынша Көліктік бақылау басқармасы
Кеме капитанын аттестаттауды өткізу дің

N ____ хаттамасы

200 ____ жылғы " _____ "

(күні) (айы)

Мынадай құрамдағы аттестаттау комиссиясы:

Төраға

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

комиссия мүшелері

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Хатшы

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

(тексерілетін тұлғаның атқаратын лауазымы және жұмыс орны)
аттестаттаудан өткізді

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Аттестаттау нәтижесі:

p/c N	Нормативтік құқықтық кесімнің атапуы	Баға
-------	--------------------------------------	------

Аттестатталушы тұлға туралы қысқаша мәліметтер:

Туған жылы _____

Білімі _____

(оқу орнының атауы, бітірген жылы және біліктілігі)

Оқу орнын бітіргендігі туралы диплом N _____

(кім және қашан берген)

Жүзу құрамындағы жұмыс өтілі _____

Командалық лауазымды атқару құқығына дипломы _____

(лауазым, кемелер тобының және дипломның атауы)

(кім және қашан берген)

Атқарған командалық лауазымдағы жұмыс өтілі _____

(лауазым, кемелер тобының және дипломның атауы)

К о м и с с и я н ы н ш е ш і м і :

Комиссия тәрағасы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Хатшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Шешіммен таныстым _____

(аттестатталушы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және қолы)

Кеме капитанын аттестаттау
ережесіне 2-қосымша

Аттестаттаудан өткені туралы

N АНЫҚТАМА

Т.А.Ә.а. _____ берілді

Туған жылы _____

Білімі _____

Оқу орнын бітіргені жөніндегі диплом N _____

(кім және қашан берген)

Лауазымы _____

Аттестаттау хаттамасының N _____ және күні _____

Анықтаманың жарамдылық мерзімі _____

облысы бойынша Көліктік бақылау басқармасы берген

Көліктік бақылау _____

басқармасының бастығы (қолы) Т.А.Ә.а.

200____ жылғы "-----"

(күні) (айы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК